

«МАРШ (СТРАХОВЫЕ БРОКЕРЫ)» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Шоғырландырылған қаржы есептілігі және Тәуелсіз
аудиторлар есебі

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

Мазмұны

Бет

2016 жылғы 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ	1
ТӘҮЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ	2-4
2016 жылғы 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ:	
Пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	5
Каржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп	6
Қатысушы капиталындағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	7
Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	8-9
Шоғырландырылған қаржы есептілігіне ескертулер	10-31

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Шоғырландырылған Қаржы Есептілігін Әзірлеу және Бекіту Жауапкершілігі туралы
Басшылық Мәлімдемесі

Басшылық Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына (бұдан әрі «ХКЕС» деп аталады) сәйкес 2016 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша «Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі «Компания» деп аталады) мен оның еншілес көсіпорнының (бұдан әрі «Топ» деп аталады) шоғырландырылған қаржы жағдайын, сонымен қатар осы күні аяқталған жыл іші қызметінің нәтижелерін, ақшалай қаражаттың қозғалысын және қатысушы капиталындағы өзгерістерді айқын көрсететін шоғырландырылған қаржы есептілігін әзірлеуге жауапты болады.

Шоғырландырылған қаржы есептілігін әзірлеу кезінде басшылық төмендегілерге жауапты болады:

- есеп саясаты қағидаларының дұрыс таңдалуы мен қолданылуын қамтамасыз ету;
- ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы деректерді, ондай ақпараттың орынды болуын, растығын, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететіндей түрде ұсыну;
- пайдаланушылар шоғырландырылған қаржы жағдайына және Топ қызметінің шоғырландырылған қаржы нәтижелеріне қандай да бір мәміленің, сонымен қатар оқығалардың немесе жағдайлардың әсер етуі есептілігін түсініу үшін ХКЕС талаптарын орындау жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпаратты ашу; және
- Топтың болашақта қызметін жалғастыра алу қабілетін бағалау.

Басшылық төмендегілерге де жауапты болады:

- Топтың ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, енгізу және оның тиімділігі мен сенімділігін қолдау;
- Топ мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сонымен қатар кез келген күні Топтың шоғырландырылған қаржы жағдайы туралы жеткілікті түрде дәл ақпарат беруге және шоғырландырылған қаржы есептілігінің ХКЕС талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етуге болатындағы жүйеде есеп жүргізу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізу;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша ақылға қонымыдь барлық ықтимал шараларды қолдану; және
- жосықсыз іс-әрекеттер мен басқа да теріс пайдалану фактілерін анықтау және олардың алдын алу.

Топтың 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржы есептілігін басшылық 2017 жылғы 14 сәуірде бекітті.



<мер> <қолы>
Андрей Комарковский
Бас басқарушы

2017 жылғы 14 сәуір
Қазақстан, Алматы қаласы

<қолы>
Ирина Ким
Бас бухгалтер

2017 жылғы 14 сәуір
Қазақстан, Алматы қаласы.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

«Марш (Страховые брокеры)» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қатысушысына:

Пікір

Біз 2016 жылғы 31 желтоқсандағы қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептен, осы күні аяқталған жыл іші пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы, қатысушы капиталындағы өзгерістер туралы және ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есептерінен, сонымен қатар шоғырландырылған қаржы есептілігіне ескертудерден, соның ішінде есеп саясатының негізгі қағидаларына жасалған қысқаша шолудан тұратын «Марш (Страховые брокеры)» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі «Топ» деп аталады) қоса берілген шоғырландырылған қаржы есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса берілген шоғырландырылған қаржы есептілігі Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына («ХКЕС») және Топтың бекітілген есеп саясатына сәйкес 2016 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша Топтың қаржы жағдайының, сонымен қатар осы күні аяқталған жылдағы қаржы нәтижелері мен ақшалай қаражат қозғалысын барлық маңызды аспектілерде айқын көрсетеді.

Пікір білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз есебіміздің «Шоғырландырылған қаржы есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары бойынша кеңестің Кәсіби бухгалтерлердің әдеп кодексіне сәйкес және Қазақстан Республикасында қаржы есептіліктің аудитіне қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Топқа қатысты тәуелсіз. Сонымен қатар, біз осы талаптармен және Кодекспен белгіленген өзге де әдеп міндеттемелерін орындадық. Біздің ойымызша, біз пікір білдіру үшін жеткілікті әрі тиісті аудиторлық дәлелдеме алдық.

Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың шоғырландырылған қаржы есептілік үшін жауапкершілігі

Топ басшылығы шоғырландырылған қаржы есептілікті дайындауға және оның ХКЕС сәйкес шынайы ұсынылуына, сонымен қатар басшылықтың пікірінше алаяқтық немесе қателесуден болатын айтарлықтай бүрмалаушылықтары болмайтын шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауға қажет болатын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Шоғырландырылған қаржы есептілігін дайындау барысында басшылық Топтың үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетін бағалауға, қызмет үздіксіздігіне байланысты деректерді тиісті жағдайларда ашып көрсетуге және қызмет үздіксіздігі жорамалы негізінде есептілікті дайындауға жауапты, алайда басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайларды, немесе басшылықтың Топты таратуға немесе қызметін тоқтатуға баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігін дайындаудың бақылауға жауапты.

«Делойт» атауы бір немесе бірнеше кез келген «Делойт Түш Томацу» тобына кіретін занды тұлғалардың біріне қатысты, оның қатысушыларының жауапкершілігі олар кепілдік берген келеммен шектелетін, Ұлыбритания заңнамасына сәйкес тіркелген жеке компания болып табылады; әр сондай занды тұлға жекеше және тәуелсіз занды тұлға болып табылады. «Делойт Түш Томацу Лимитед» тобының және оған кіретін занды тұлғалардың занды құрылымы туралы акпарат келесі сайтта көрсетілген: www.deloitte.com/about. «Делойт» ТИД занды құрылымы туралы акпарат келесі сайтта көрсетілген:

Шоғырландырылған қаржы есептіліктің аудиті үшін аудитор жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан шоғырландырылған қаржы есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына орынды сенімділік алу және біздің пікірімізді қосатын аудиторлық есеп шығару болып табылады. Орынды сенімділік – сенімділіктің жоғары дәрежесі, бірақ ол ХАС сәйкес жүргізілген аудит барысында мүмкін елеулі бұрмалаушылықтардың анықталуына кепілдік бермейді. Бұрмалаушылықтар ықылассыз әрекеттердің немесе қателесудің нәтижесі болуы мүмкін және егер олардың шоғырландырылған қаржы есептілік негізінде қабылданатын қолданушылардың экономикалық шешімдеріне жекеше немесе бірлесіп әсер ете алатыны негізді түрде болжанса, елеулі болып есептеледі.

ХАС сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдау қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби құмәншілдік сақтаймыз. Бұған қоса, біз:

- ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан шоғырландырылған қаржы есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. ықылассыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелі қателесу салдарынан болатын елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелінен жоғары, себебі ықылассыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе қолданыстағы ішкі бақылау жүйесін айналып ету арқылы әрекеттер жасау кіруі мүмкін;
- жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдер әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызды ішкі бақылауларды зерделейміз, бірақ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жайында пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипаттың және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін, сондай-ақ басшылық дайындаған ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- басшылықтың қызмет үздіксіздігі туралы жорамалды қолдануының занұлылығы – туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – Топтың үздіксіз қызмет жалғастыра алатынына елеулі құдік тудырта алатын оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар немесе жоқ екендігі жайлы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екени туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық есебімізде қаржылық есептіліктегі тиісті ақпарат ашуға назар аудартуымыз керек, немесе ақпарат тиісті түрде ашылмаған болса, пікірімізді модификациялаймыз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есептің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделеді. Алайда, келешек оқиғалар немесе жағдайлар Топтың үздіксіз қызметті жалғастыру қабілеттігінен айырылуына әкелуі мүмкін;
- шоғырландырылған қаржы есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымын және мазмұнын, соның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ оның негізі болатын операциялар мен оқиғалардың шынайы көрсетілуінің қамтамасыз етілуін бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларды аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сонымен қатар аудит барысында анықталған елеулі мәселелер, соның ішінде ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабардар етеміз.

<мөр><қолы>
Роман Саттаров
Орындаушы аудитор
2013 жылғы 31 мамырдағы
№ МФ-0000149
аудитордың біліктілік куәлігі

<қолы>
Марк Смит
Тапсырма бойынша серіктестік
Шотландия лицензияланған
бухгалтерлер институтының
лицензияланған бухгалтері
№ M21857 лицензия
Шотландия, Глазго қ.,

<мөр><қолы>
Нұрлан Бекенов
Бас директоры
«Делойт» ЖШС
Қазақстан Республикасында
аудит қызметін жүзеге асыруға арналған
мемлекеттік лицензия
түрі МФЮ-2, № 0000015
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі берген
2006 жылғы 13 қыркүйектегі

2017 жылғы 14 сәуір
Қазақстан, Алматы қаласы

**«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі
Серіктестігі**

**2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Пайда мен Шығын және өзге Жиынтық Кіріс туралы Шоғырландырылған Есебі
(мын Қазақстандық тенгемен)**

	2016 жылғы Ескер- 31 желтоқсанда тулер	2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Брокерлік қызметтер бойынша комиссиялық табыстар Басқа табыстар	17 4, 17	854,770 65
Табыстар жиынтығы		854,835
Жалпы және әкімшілік шығындар, соның ішінде: Еңбекақы бойынша шығындар және іссапар шығындары Бас компанияның басқару қызметтері үшін төленетін комиссия	5, 17	(370,308) (214,145) (45,648) (16,891)
Жал бойынша шығындар Тозу және амортизация Кәсіби қызметтер Салықтар, пайдаға салынатын салықты қоспағанда Күнсиздануға арналған резервтерді қалпына келтіру Шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза пайда	11 6	(8,102) (36,724) (289) 5,478 8,914
Шығындар жиынтығы		(355,916)
САЛЫҚ САЛУҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА		498,919
Пайдаға салынатын салық бойынша шығын	7	(107,575)
ТАЗА ПАЙДА		391,344
ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ЖИЫНТЫҒЫ		391,344
		453,254

Топ басшылық атынан,

<мер><қолы>
Андрей Комарковский
Бас басқарушы

2017 жылғы 14 сәуір
Қазақстан, Алматы қаласы



Ирина Ким
Ирина Ким
Бас бухгалтер

2017 жылғы 14 сәуір
Қазақстан, Алматы қаласы

10-31 беттердегі шоғырландырылған қаржы есептілігіне қатысты ескертулер — осы шоғырландырылған қаржы есептілігінің ажырамас белігі.

**«Марш (Страховые Брокеры)»
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

2016 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша
Қаржы Жағдайы туралы Шоғырландырылған Есеп
(мың қазақстандық теңгемен)

	Ескер- тулер	2016 жылғы 31 желтоқсан	2015 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ағымдағы Активтер:			
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	8	970,972	449,266
Дебиторлық берешек	9, 17	86,650	216,730
Болашак кезеңдердің шығындары		2,805	2,579
Ағымдағы пайдаға салынатын салық бойынша талаптар		5,490	5,490
Кейінге қалдырылған салық активтері	7	5,593	9,859
Басқа салық активтері	10	2,613	2,685
Басқа активтер		611	564
Ағымдағы активтер жиынтығы		1,074,734	687,173
Ұзақ мерзімді Активтер:			
Негізгі құралдар	11	24,668	31,954
Материалдық емес активтер	11	2,185	5
Ұзақ мерзімді активтер жиынтығы		26,853	31,959
Активтер жиынтығы		1,101,587	719,132
ҚАТЫСУШЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ МЕН КАПИТАЛЫ			
Ағымдағы міндеттемелер:			
Болашақ кезеңдердің табыстары	12	127	4,707
Кредиторлық берешек	13,17	31,180	4,845
Ағымдағы пайдаға салынатын салық бойынша міндеттемелер		38,672	80,049
Басқа міндеттемелер	14	32,818	22,085
Ағымдағы міндеттемелер жиынтығы		102,797	111,686
Қатысушы капиталы:			
Жарғылық капитал	15	10,000	10,000
Белінбеген пайда		988,790	597,446
Қатысушы капиталының жиынтығы		998,790	607,446
Қатысушы міндеттемелері мен капиталының жиынтығы		1,101,587	719,132



Тор бағыттық атынам

«мөр»<қолы>
Андрей Комарковский

Бас басқарушы

2017 жылғы 14 сәуір
Қазақстан, Алматы қаласы.

/<қолы>
Ирина Ким
Бас бухгалтер

2017 жылғы 14 сәуір
Қазақстан, Алматы қаласы

10-31 беттердегі шоғырландырылған қаржы есептілігіне қатысты ескертулер — осы шоғырландырылған қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі.

**«Марш (Страховые Брокеры)»
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

**2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қатысушы Капиталындағы Өзгерістер туралы Шоғырландырылған Есебі
(мың Қазақстандық теңгемен)**

	Ескерту	Жарғылық капитал	Бөлінбекен пайда	Барлығы
2014 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша		10,000	444,192	454,192
Төленген дивидендтер	15	-	(300,000)	(300,000)
Жиынтық табыс жиынтығы		-	453,254	453,254
2015 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша		10,000	597,446	607,446
Жиынтық табыс жиынтығы		-	391,344	391,344
2016 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша		10,000	988,790	998,790



Ирина Ким
 Бас бухгалтер

2017 жылғы 14 сәуір
 Қазақстан, Алматы қаласы

10-31 беттердегі шоғырландырылған қаржы есептілігіне қатысты ескертүлер — осы шоғырландырылған қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі

**«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі
Серіктестігі**

**2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Ақшалай Қаражаттың Қозғалысы туралы Шоғырландырылған Есебі
(мын Қазақстандық теңгемен)**

	Ескер- тулер	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ			
ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Салық салуға дейінгі пайда		498,919	583,317
Мыналарға жасалған түзетулер:			
Тозу және амортизация	5, 11	8,102	8,953
Шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза пайда		(8,914)	(104,674)
<u>Күнсиздануға арналған резервтерді қалпына келтіру</u>	6	(5,478)	(1,978)
Операциялық активтер мен міндеттемелер өзгергенге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражат ағыны		492,629	485,618
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер:			
Операциялық активтердің (көбеюі)/азаюы:			
Дебиторлық берешек		135,558	(31,190)
Болашақ кезеңдердің шығындары		(226)	(530)
Басқа салық активтері		(72)	98
Басқа активтер		(48)	3,634
Операциялық міндеттемелердің көбеюі/(азаюы):			
Болашақ кезеңдердің табыстары		(4,580)	(18,378)
Кредиторлық берешек		26,334	4,845
<u>Басқа міндеттемелер</u>		10,733	(9,243)
Салық салуға дейінгі операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражат ағыны		660,330	434,854
<u>Төленген пайдаға салынатын салық</u>		(144,686)	(49,123)
Салықты шегергендегі операциялық қызметтен түскен акшалай қаражаттың таза ағыны		545,644	385,731
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ			
ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	11	(5,973)	(22,795)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан түскен түсімдер	11	2,977	-
Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза жылыстауы		(2,996)	(22,795)

**«Марш (Страховые Брокеры)»
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі**

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Ақшалай Қаражаттың Қозғалысы туралы Шоғырландырылған Есебі (Жалғасы)
(мын Қазақстандық теңгемен)

Ескер- тулер	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
-----------------	--	--

ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТИНЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ

ҚОЗҒАЛЫСЫ:

Төленген пайданы бөлу

15 - (300,000)

Қаржы қызметінен түсken ақшалай қаражаттың таза
жылыштауы

- (300,000)

АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ПЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА

512,648 (62,936)

КӨБЕЮІНІҢ/(АЗАЮЫНЫҢ) ЖИЫНТЫЫ

Шетел валютасы бағамы өзгерісінің ақшалай қаражат пен
оның баламаларына әсері

9,058 7,291

**АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ,
жылдың басында**

8 449,266 379,039

**АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ,
жылдың аяғында**

8 970,972 449,266

Топ басшылық атынан:

Андрей Комарковский

Бас басқарушы

2017 жылғы 14 сәуір
Қазақстан, Алматы қаласы

10–31 беттердегі шоғырландырылған қаржы есептілігіне қатысты ескертулер — осы шоғырландырылған қаржы
есептілігінің ажырамас бөлігі.



Ирина Ким
Бас бухгалтер

2017 жылғы 14 сәуір
Қазақстан, Алматы қаласы

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Шоғырландырылған Қаржы Есептілігіне Ескертулер
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)

1. ҰЙЫМ

«Марш (Страховые Брокеры)» ЖШС (бұдан әрі «Компания» деп аталады) — Қазақстан Республикасында 2000 жылғы наурызда тіркелген Жауапкершілігі шектеулі серіктестік. 2001 жылғы мамыр айында Компания қайта тіркеліп, «Марш» ЖШС атауын «Марш (Страховые Брокеры)» ЖШС атауына өзгертті. Компания қызметін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі реттейді. Компания өз қызметін 2001 жылғы 26 желтоқсандағы № 3 лицензияға, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 2001 жылғы 3 мамырда берген № 31698-1910-ТОО занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы қуәлікке сәйкес жүзеге асырады. Компанияның негізгі қызметі — қазақстандық және халықаралық компанияларға сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша брокерлік және консалтинглік қызметтер көрсету.

Компания құрамына осы қаржы есептілігінің мақсаттары үшін шоғырландырылған келесі кәсіпорын да кіретін топтың (бұдан әрі «Топ» деп аталады) бас компаниясы болып табылады:

Атауы	Қызметтің жүргізетін ел	Қатысу пайызы/дауыс беруші акциялар пайызы (%)		Қызмет түрі
		2016 жыл	2015 жыл	
«Марш (Риск Консалтинг)» ЖШС	Қазақстан	99,9 %	99,9 %	Тәуекелдерді басқару бойынша консалтинглік қызметтер

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша «Марш (Риск Консалтинг)» ЖШС-тың жарғылық капиталының 0,1 %-ы Нидерландта тіркелген «Марш энд МакЛеннан Компанииз Сервисез Б.В.» компаниясына тиесілі болған.

«Марш (Риск Консалтинг)» ЖШС 2008 жылғы 9 маусымда Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестік түрінде құрылды. «Марш (Риск Консалтинг)» ЖШС-тың негізгі қызметі — тәуекелдерді басқару бойынша сараптамалық және консалтинглік қызметтер көрсету.

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Компания Нидерландта тіркелген «Марш энд МакЛеннан Компанииз Сервисез Б.В.» компаниясына тиесілі болған. 2015 жылғы 19 ақпанда «Марш (Иншуранс Сервисез) Лтд» компаниясының алдыңғы қатысушысы Компаниядагы өз үлесін табыстал, нәтижесінде «Марш энд МакЛеннан Компанииз Сервисез Б.В.» (бұдан әрі «Бас компания» деп аталады) Компанияның жалғыз иесіне айналды.

Әдеттегі қызметі барысында Топ Marsh Group компанияларымен операциялар жасайды. Мұндай операцияларға брокерлік қызметтер, Бас компанияның басқаруы бойынша қызметтер және кеңес беру қызметтері кіреді (және онымен шектелмейді). 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Marsh Group компанияларының дебиторлық берешегі Топ активтерінің жалпы сомасының тиісінше 5,6 % және 24,2 % құрады. 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардың Marsh Group қызметтері үшін есептелген брокерлік қызметтер бойынша комиссиялық табыстары брокерлік қызметтер бойынша жалпы комиссиялық табыстың тиісінше 81,4 % және 71,4 % құрады. Сондықтан Marsh Group компаниясына қатысты активтер мен брокерлік қызметтер бойынша комиссиялық табыстың шоғырлануы бар. Байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша ақпарат 17-ескертуде ашып көрсетілген.

Топтың тіркелген кеңесі мекенжайда орналасқан: 050020, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Митин көш., 17.

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

**2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Шоғырландырылған қаржы Есептілігіне Ескертүлер (Жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен)**

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Компания қызметкерлерінің саны тиісінше 16 және 15 адамды құрады.

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша еншілес кәсіпорын қызметкерлерінің саны 3 адамды құрады.

Осы шоғырландырылған қаржы есептілігін Топ басшылығы 2017 жылғы 14 сәуірде басып шығаруға бекітті.

2. Есеп саясатының негізгі принциптері

Сәйкестік туралы мәлімдеме

Осы шоғырландырылған қаржы есептілігі Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес әзірленген.

Осы шоғырландырылған қаржы есептілігі, басқасы көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен (мың теңге) көрсетілген. Осы шоғырландырылған қаржы есептілігі тарихи құны бойынша есеп принциптеріне сәйкес әзірленген.

Тарихи құны әдетте тауарлар мен қызметтерге айырбас ретінде берілген сыйақының әділ құны негізінде анықталады.

Әділ құны активтерді сатудан алынуы тиіс болған немесе нарыққа қатысушылар арасындағы кәдімгі мәміле шеңберінде міндеттемелерді табыстау кезінде бағалау күні төленуі тиіс болған бағаны, ондай бағаның тікелей бақыланатын немесе бағалаудың басқа әдісін пайдаланып есептеу арқылы алынған болуы-болмауына тәуелсіз көрсетеді. Активтің немесе міндеттеменің әділ құнын бағалауда Топ нарыққа қатысушылар актив немесе міндеттеменің сипаттамаларын бағалау күні актив немесе міндеттеме құнын қалыптастыруда есепке алғанда осындай сипаттамаларды есепке алады. Әділ құны бойынша бағалау және/немесе әділ құнды бағалауға қатысты ақпаратты жариялау үшін осы шоғырландырылған қаржы есептілігіндегі әділ құны, келесілерді қоспағанда, жоғарыда берілген тәсілмен анықталады: XKEC 2 қолданылу аясына қатысты меншікті үlestік құралдар негізіндегі төлемдері бар мәмілелер, XKEC (IAS) 17 қолданылу аясына қатысты жалға беру операциялар, сонымен қатар әділ құнмен салыстыруға келетін, бірақ XKEC 2 стандартындағы ықтимал сатудың таза құны немесе XKEC (IAS) 36 стандартындағы пайдалану құны сияқты әділ құны болып саналмайтын бағалаулар.

Сонымен қатар қаржы есептілігін әзірлеу мақсаттарында әділ құнды бағалау әділ құнның иерархиясы негізінде (1, 2 немесе 3-денгей) жіктеледі. Денгейлер әділ құнды нарықтық деректер негізінде тікелей анықтау мүмкіндігіне сәйкес келеді және жалпы әділ құнды бағалау кезінде қолданылған бастапқы деректердің маңыздылығын көрсетеді:

- 1 Денгейдегі бастапқы деректер Компанияға бағалау күні қолжетімді болған, түзетуді қажет етпейтін белсенді нарықтардағы бірдей активтердің немесе міндеттемелердің баға белгіленімдері болып табылады;
- 2 Денгейдегі бастапқы деректер 1 Денгей үшін анықталған баға белгіленімдері емес, бірақ актив немесе міндеттеме үшін нарықта тікелей не жанама түрде бақыланатын баға белгіленімдері болып табылады; және
- 3 Денгейдегі бастапқы деректер актив немесе міндеттеме бойынша бақыланбайтын бастапқы деректер болып табылады.

Қолданыстағы валюта

Осы шоғырландырылған қаржы есептілігінің қолданыстағы валютасы қазақстандық теңге (тенге) болып саналады.

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

**2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Шоғырландырылған Қаржы Есептілігіне Ескертулер (Жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

Үздіксіз қызмет принципі

Осы шоғырландырылған қаржы есептілігі Топ болашақта өз қызметін жалғастырады деген есеппен жасалған.

Шоғырландыру принциптері

Осы шоғырландырылған қаржы есептілігі Компанияның және Компания бақылайтын компанияның (оның еншілес кәсіпорны) есептілігін қамтиды. Компания келесі жағдайларда бақыланатын болып саналады:

- кәсіпорынға — инвестициялар объектісіне қатысты өктем өкілеттіктері бар;
- кәсіпорын — инвестициялар объектісі қызметінің ауыспалы нәтижелері бойынша құқықтары бар/тәуекелдерді көтереді; және
- ауыспалы нәтиже шамасына әсер ету мақсатында кәсіпорынға — инвестициялар объектісіне қатысты өктем өкілеттіктерін пайдалана алады.

Фактілер мен жағдайлар жоғарыда айтылған үш элементтің бірінде немесе бірнешеуінде өзгерістер болғанын көрсетсе, Компания инвестициялар объектісін бақылаудың онда бар-жоғын бағалайды.

Қажет болғанда еншілес кәсіпорынның қаржы есептілігіне олар қолданатын есеп саясатының принциптерін Топ қолданатын есеп саясатының принциптеріне сәйкес келтіру мақсатында өзгерістер енгізілді.

Шоғырландыру кезінде Топ ішіндегі операциялар мен есептеулер бойынша барлық қалдықтар, табыстар мен шығындар алынып тасталады.

Есеп саясатының негізгі ережелері төменде келтірілген.

Қаржы құралдары

Топ тиісті қаржы құралына қатысты шарт бойынша тарапы болғанда, қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері Топтың қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Топ есеп айырысқан күні қаржы активтерін және міндеттемелерін сатып алу мен іске асырудың тұрақты сипатын көрсетеді.

Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады. Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін (пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінен басқа) сатып алуға немесе шығаруға тікелей байланысты транзакциялық шығындар бастапқы тану кезінде қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің әділ құнын тиісінше көбейтеді немесе азайтады. Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін сатып алуға тікелей қатысты транзакциялық шығындар, пайда мен залал және жынытық табыс туралы шоғырландырылған есепте тікелей танылады.

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

**2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Шоғырландырылған Қаржы Есептілігіне Ескертулер (Жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық тәнгемен)**

Қаржы активтері мен міндеттемелерін тануды тоқтату

Қаржы активтері

Топ қаржы активтерін тануды олар бойынша ақша ағынына шарттық құқықтары тоқтатылған немесе қаржы активін және тиісті тәуекелдер мен пайданы басқа тараңқа берген жағдайдаған тоқтатады. Топ активке иелік етуден болған барлық негізгі тәуекелдер мен пайданы бермесе және сақтамаса, сондай-ақ берілген активті бақылауды жалғастырса, ол осы активте өз үлесін және тиісті сомаларды ықтимал төлеу бойынша онымен байланысты ықтимал міндеттемелерді көрсетуді жалғастырады. Топ берілген қаржы активіне иелік етуден болатын барлық дерлік тәуекелдер мен пайданы өзінде қалдырса, ол осы қаржы активін есепке алууды жалғастырады, ал табыстау кезінде алған қаражатты қамтамасыз етілген қарыз ретінде көрсетеді. Қаржы активін толық есептен шығарғанда активтің баланстық құны мен алынған және алуға тиесілі сыйақы сомасының арасындағы айырма, сонымен қатар басқа да жиынтық пайдада танылған және капиталға жинақталған жиынтық пайда немесе залал пайдаға немесе залалға жатады. Қаржы активін тану толық тоқтатылмаса (мысалы, Топ берілген активтің бір бөлігін сатып алу құқығын өзінде қалдырған жағдайда) Топ жалғасатын қатысу шеңберінде активті тану жалғасатын бөлігі мен тану тоқтатылған бөлігі арасында, активтер берілетін құнға осы бөліктердің әділ құнының салыстырмалы мәндерін басшылықта ала отырып, осы қаржы активінің алдыңғы баланстық құнын бөледі. Есептен шығарылатын бөлікке бөлінген баланстық құн мен есептен шығарылатын бөліктен алынған сыйақы сомасы арасындағы айырма, сонымен қатар басқа да жиынтық табыста танылған кез келген жинақталған оған бөлінген пайда немесе залал, пайдаға немесе залалға жатады. Басқа да жиынтық табыста танылған табыстар немесе шығындар ұстап қалатын және есептен шығарылатын бөліктердің әділ құнына пропорционал үлестіріледі.

Қаржы міндеттемелері

Топ қаржы міндеттемелерін олар өтелгенде, құші жойылғанда немесе олар бойынша талап ету мерзімі аяқталған жағдайдаған тануды тоқтатады. Қолда бар қаржы міндеттемесі айтарлықтай ерекшеленетін жағдайларда сол кредитордың алдында басқа міндеттемеге алмастырылатын кезде немесе қолда бар міндеттеме талаптары айтарлықтай өзгеретін болса, мұндай алмастыру немесе өзгеру бастапқы міндеттемені есептен шығару және жаңа міндеттемені тану ретінде есепке алынады. Тану тақтатылатын қаржы міндеттемесінің баланстық құны және төленген немесе төлеуге тиесілі сыйақы арасындағы айырма пайдада немесе залалда танылады.

Ақшалай қаражат пен оның баламалары

Ақшалай қаражат пен оның баламалары үш айға дейінгі бастапқы өтеу мерзімі бар ағымдағы шоттардағы бос ақша қалдықтарын қамтиды.

Дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек құнсызданудан болған залалды шегергендердегі номиналды құн бойынша көрсетіледі.

Құнсыздануға арналған резерв

Топ қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсызданғаны туралы объективті айғақ болған кезде қаржы активтері бойынша құнсызданудан болған залалды есепке алады. Құнсызданудан болған залал баланстық құн мен күтілетін ақша түсімдерінің ағымдағы құны арасындағы айырма ретінде бағаланады. Егер кейінгі кезеңде құнсыздану мөлшері азайса және мұндай азаюды құнсыздануды танығаннан кейін орын алған оқиғамен дұрыс байланыстыруға болатын болса, бұрын танылған құнсызданудан болған залал резерв шотын тұзету арқылы қалпына келтіріледі.

Құнсызданудан болған залалды тәуекелдерге ұшырағыш активтерді талдау негізінде есептейді және ол басшылықтың пікірі бойынша орын алған залалды жабуға жеткілікті соманы көрсетеді. Резервтер елеулі болып саналатын қаржы активтерінің тәуекелдерін бағалау негізінде және елеулі болып саналмайтын қаржы активтерінің ұжымдық бағалауы негізінде есептеледі.

«Марш (Страховые өрекеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Шоғырландырылған Қаржы Есептілігіне Ескертулер (Жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мын Қазақстандық теңгемен)

Құнсызданудан болған залал өзгерісі пайда мен залал және басқа да жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте беріледі, ал қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте берілген активтер құнсызданудан болған залалдың жалпы мөлшеріне азаяды. Топтың құнсызданудан болған залал туралы айғақтың объективті болу-болмауын анықтауда бағалайтын факторларға контрагенттердің өтімділігі, төлем қабілеттілігі мен іскерлік және қаржылық тәуекелдерге үшырағыштығы, үқсас қаржы активтеріне қатысты төлемге қабілетсіздік деңгейі немесе үрдісі, үлттық немесе жергілікті экономикалық үрдістер мен жағдайлар туралы ақпарат кіреді. Осы және басқа да факторлар жекелей немесе бірге қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануынан болған залалды тану үшін айтарлықтай объективті айғақ бола алады.

Залалды бағалау субъективті факторды қамтитынын назарға алған жөн. Топ басшылығы құнсызданудан болған залал орын алған залалды жабуға жеткілікті деп есептейді, алайда белгілі кезеңдерде Топ құнсызданудан болған залалмен салыстырғанда үлкен зиян шегуі мүмкін.

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер есептелген тозу мен амортизацияны шегергенде бастапқы құны бойынша есепке алынады.

Тозу мен амортизация активтерді пайдалы қолдану мерзімі ішінде есептен шығару мақсатында негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің бастапқы құны бойынша есептеледі. Тозу мен амортизация келесі орнатылған жыл сайынғы нормаларды қолданып, бірқалыпты есептен шығару әдісі негізінде есептеледі:

Компьютерлік жабдық	25-33 %
Жиназ және басқа негізгі құралдар	7-33 %
Автокөлік	20 %
Материалдық емес активтер	20 %

Капиталдандыру талаптарына сәйкес келмесе, ағымдағы және күрделі жөндеу бойынша шығындар операциялық шығындармен бірге олардың орын алған кезеңде пайда мен залал және басқа да жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің баланстық құны олардың өтелетін құнинан асу-аспауы әр есеп беру күні бағаланады. Өтелетін құны — сату және оны пайдалану құндылығы бойынша шығындарды шегергенде әділ құнның ең үлкен мәні. Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің баланстық құны олардың өтелетін құнинан асқан жағдайда, Топ негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің баланстық құнның олардың өтелетін құннына дейін азайтады, мұндай азайту тиісті кезеңде танылып, операциялық шығындарға қосылады. Құнсызданудан болған залал көрсетілгеннен кейін активтердің қайта есептелген баланстық құнын қалған пайдалы қолдану мерзімі ішінде біркелкі үlestіру мақсатында негізгі құралдар мен материалдық емес активтер бойынша тозу мен амортизация кейінгі кезеңдерде қалдық құнды (егер ондай болжанатын болса) шегере отырып түзетіледі.

Салық салу

Пайдаға салынатын салық бойынша шығындар төлеуге есептелген ағымдағы салық пен кейінгі қалдырылған салық қосындысы болып табылады.

Ағымдағы салық

Төлеуге есептелген ағымдағы салық сомасы бір жылдағы салық салынатын пайда мөлшерінен анықталады. Салық салынатын пайда салық салынатын немесе басқа есептік кезеңдерде салық салу мақсаттарында шегерілетін табыс немесе шығындар баптарының себебінен пайда мен залал және басқа да жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген пайдадан өзгешеленеді, сонымен қатар салық салынбайтын немесе салық салу мақсаттарында шегерілмейтін баптарды қамтымайды. Топтың ағымдағы салық бойынша міндеттемелері есептік кезең аяқталғанға дейін заңнамамен күшіне енгізілген салық салу мөлшерлемесін пайдаланып есептеледі.

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

**2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Шоғырландырылған Қаржы Есептілігіне Ескертулер (Жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мын Қазақстандық тенгемен)**

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық шоғырландырылған қаржы есептілігінде көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баланстық құны және салық салынатын пайданы есептегендегі қолданылатын салық есебінің тиісті деректері арасындағы уақытша айырмашылықта қатысты танылады. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері әдетте салық салынатын барлық уақытша айырмашылықтарды есепке алып көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтері болашақта салық салынатын пайда туындауының үлкен ықтималдығы жағдайында барлық шегерілетін мезгілдік айырмаларды есепке алып, осы мезгілдік айырмаларды пайдалану үшін көрсетіледі. Мезгілдік айырмалар гудвилге байланысты болса немесе салық салынатын пайдаға да, бухгалтерлік пайдаға да әсер етпейтін мәмілелер (бизнесті бірқітіру жөніндегі мәмілелерден басқа) шенберіндегі басқа активтер мен міндеттемелерді бастапқы тану салдарынан туындағы болса, салық активтері мен міндеттемелері шоғырландырылған қаржы есептілігінде берілмейді.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әр есептік кезең соңында қайта қаралады және ол болашақта осы активтерді толық немесе ішінара пайдалануға жеткілікті салық салынатын пайданың туындау ықтималдығы будан әрі жоғары болмаған жағдайда азаяды.

Кейінге қалдырылған пайдаға салынатын салық бойынша активтер мен міндеттемелер есеп беру күнінде заңнамамен бекітілген немесе бекітілді деуге болатын және салық активін жүзеге асыру немесе міндеттемелерді өтеу кезеңінде тиісінше күшінде болады деп саналатын салық салу мөлшерлемесі мен салық заңнамасын пайдалана отырып есептеледі. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерін бағалау есеп берілген күндеі ахуал бойынша Топтың активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын өтеу және орнын толтыру әдістеріне қатысты болжамдарының салықтық салдарын көрсетеді.

Болашақ кезеңдердің табыстары

Брокерлік қызметтер көрсетілгенге дейін алынған сыйақы Топтың қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есебінде кейін сақтандыру шартының мерзімі ішінде қызмет көрсетілуіне қарай жүйелі және оңтайлы негізде пайда мен залалға жатқызылып, болашақ кезеңдердің табыстары ретінде көрсетіледі.

Резервтер

Алдағы шығындардың резервтері Топтың өткен оқиғалар салдарынан туындаған міндеттемелері (занды немесе үйғарынды) болған кезде және Топ бұл міндеттемелерді өтеуге тиіс болу ықтималдығы жоғары болғанда және мұндай міндеттемелердің мөлшерін жеткілікті дәрежеде дәл бағалау мүмкін болған жағдайда есепте көрсетіледі.

Резерв ретінде танылған сома осы міндеттемелерге тән тәуекелдер мен белгісіздіктерді есепке ала отырып, есеп беру күні анықталған міндеттемелерді өтеуге қажетті соманың ең жақсы бағасы болып табылады. Алдағы шығындардың резерв шамасы міндеттемелерді өтеу бойынша болжалды ақша ағындары негізінде есептелсе, онда алдағы шығындардың резерві осындағы ақша ағындарының дисконтталған құны ретінде анықталады (егер уақыт бойынша ақша құны өзгеруінің әсері елеулі болса).

Міндеттемелерді өтеуге қажетті төлемдерді жартылай немесе толықтай үшінші тарап өтейді деп күтілсе, өтемді алуға толық сенімді болу шартымен және осы дебиторлық берешекті сенімді бағалау мүмкіндігі болған жағдайда тиісті дебиторлық берешек актив ретінде көрсетіледі.

Шартты міндеттемелер мен активтер

Шартты міндеттемелер қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте танылмайды, бірақ оларды өтеу нәтижесіндегі қаражат жылыстауы екіталағ болған жағдайларды қоспағанда, шоғырландырылған қаржы есептілігінде мәлімдеме ашып көрсетіледі.

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Шоғырландырылған Қаржы Есептілігіне Ескертулер (Жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)

Шартты актив қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте танылмайды, бірақ экономикалық пайда түсінің мүмкіндігі жоғары болған кезде шоғырландырылған қаржы есептілігінде мәлімдеме ашып көрсетіледі.

Жарғылық капитал

Жарғылық капитал бастапқы құны бойынша көрсетіледі.

Пайданы бөлу олар жарияланған кезеңде капиталдың азаюы ретінде танылады. Есеп беру күнінен кейін жарияланған пайданы бөлу Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарты XКЕС (IAS) 10 «Есеп беру күнінен кейінгі оқиға» талаптарына сәйкес есеп беру күнінен кейінгі оқиға ретінде қарастырылады және олар туралы ақпарат тиісті түрде ашылады.

Зейнетақылық және женілдіктер бойынша басқа да міндеттемелер

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес зейнетақы төлемдерінің белгілі бір пайызы зейнетақы қорына аудару үшін персоналдың жалпы төлемдерінен ұсталып қалады, бұл ретте еңбекақы бойынша шығындардың мұндай бөлігі қызметкерден ұсталып қалып, қызметкердің атынан зейнетақы қорына аударылады. Мұндай шығындар қызметкерлерге төленетін тиісті төлемдер жатқызылатын кезеңде танылады. Зейнетке шыққанда барлық зейнетақы төлемдерін қызметкер таңдаған зейнетақы қоры жүргізеді. Топта Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесіне қатысадан басқа зейнетақымен қамсыздандырудың қосымша үлгілері жоқ. Оған қоса Топта қызметкерге зейнетке шыққаннан кейін берілетін женілдіктер немесе есептеу қажет берілетін өзге елеулі женілдіктер жоқ.

Табыс пен шығынды тану

Комиссиялық сыйақы түріндегі табыс сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарын жасау бойынша делдалдық қызметтенн түсken табыс болып табылады. Брокерлік қызметтерден түсken комиссиялық табыс есептеу әдісі негізінде танылады. Мерзімі бір жылдан асқан сақтандыру полистері бойынша комиссиялық табыс болашақ кезеңдердің табыстарына жатады және полистің қолданылу мерзімі ішінде есептеу әдісі бойынша табыс ретінде танылады. Өзге табыстар тиісті операцияларды немесе қызмет көрсетуді аяқтағанда пайда мен залал және басқа да жынытық табыс туралы шоғырландырылған есепте танылады. Шығындар есептеу әдісі негізінде танылады.

Шетел валютасымен жасалатын операциялар

Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігі Топ жұмыс істейтін негізгі экономикалық орта валютасымен берілген. Шоғырландырылған қаржы есептілігін әзірлегендеге Топтың қолданыстағы валютасында көрсетілмеген ақша активтері мен міндеттемелері (шетел валюталары) есеп беру күніндегі тиісті спот бағамдар бойынша ауыстырылады. Қолданыстағы валютадан өзгеше валюталармен жасалатын операциялар мәміле жасалған күні басымдыққа ие айырбас бағамы бойынша есепке алынады. Осы мәмілелер нәтижесінде болған пайда мен залал шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза пайдаға қосылады.

Айырбас бағамы

Тәменде Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігін әзірлегендеге қолданған есеп беру күніндегі айырбас бағамы берілген:

	2016 жылғы 31 желтоқсан	2015 жылғы 31 желтоқсан
Тенге/АҚШ доллары	333.29	340.01
Тенге/Евро	352.42	371.46
Тенге/Фунт стерлинг	409.78	504.06

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Шоғырландырылған Қаржы Есептілігіне Ескертүлер (Жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)

3. Жаңа және қайта қаралған халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарын (ХҚЕС) қолдану

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа және қайта қаралған ХҚЕС

Топ келесі шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа және қайта қаралған ХҚЕС-ті қолданған жоқ:

- ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»²;
- ХҚЕС (IFRS) 15 «Клиенттермен жасалған шарттар бойынша түскен ақша» (және ХҚЕС (IFRS) 15 стандартына енгізілген түзетулер)²;
- ХҚЕС (IAS) 7 «Ақпаратты ашу саласындағы бастама» стандартына енгізілген түзетулер¹;
- ХҚЕС (IAS) 12 «Жүзеге асырылмаған залалға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін тану» стандартына енгізілген түзетулер¹;
- ХҚЕС (IAS) 16 және ХҚЕС (IAS) 38 «Кейбір амортизация әдістерін қолдану мүмкіндігін түсіндіру» стандартына енгізілген түзетулер;
- ХҚЕС (IFRS) 14 «Кейінге қалдырылған тарифтік айырмалар шоттары»;
- ХҚЕС-ті жыл сайын жетілдіру, 2014–2016 жылдар аралығы.

¹ Мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігі бар, 2017 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты қолданылады.

² Мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігі бар, 2018 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты қолданылады.

ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»

2009 жылғы қарашада шығарылған ХҚЕС (IFRS) 9 стандарты қаржы активтерін (ҚА) жіктеу мен бағалаудың жаңа талаптарын енгізеді. 2010 жылғы қазанда стандартқа қаржы міндеттемелерін (ҚМ) жіктеу мен бағалаудың және оларды тануды тоқтатудың жаңа талаптарын енгізген түзетулер жасалды. 2013 жылғы қарашада стандарт хеджирлеуді есепке алуға қатысты жаңа талаптармен толықтырылды. Стандарттың жаңартылған нұсқасы 2014 жылғы шілдеде шығарылды. Негізгі өзгерістер а) қаржы активтерінің құнсыздануына қойылатын талаптарға; ә) қарапайым борыштық құралдардың белгілі бір түрі үшін «басқа да жиынтық табыстар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын» (БЖТАӘҚБ) қаржы активтерінің жаңа санатын қосуды білдіретін жіктеуге және бағалауға байланысты түзетулерге қатысты болды.

ХҚЕС (IFRS) 9 стандартының негізгі талаптары:

- **Қаржы активтерінің жіктелуі және оларды бағалау.** ХҚЕС (IFRS) 9 қолданылу аясындағы барлық танылған ҚА алғашқы танудан кейін немесе амортизацияланған құны бойынша я болмаса әділ құны бойынша бағалануы тиіс. Атап айтқанда тек негізгі соманы және сол бойынша алынатын пайызды қамтитын, шартта қарастырылған ақша ағындарын алууды көздөйтін бизнес модель аясында ұсталып қалатын борыштық құралдар әдette амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Шартта қарастырылған ақша ағындарын алу, сондай-ақ қаржы активін сату арқылы мақсатына жететін бизнес модель аясында ұсталып қалатын борыштық құралдар, сонымен қатар тек берешектің негізгі сомасын және берешектің негізгі сомасының өтелмеген бөлігінің пайызын өтеу болып табылатын ақша ағындарын алууды белгілейтін шарттық талаптары бар борыштық құралдар әдette БЖТАӘҚБ бойынша көрсетіледі. Барлық басқа борыштық және үлестік құралдар әділ құн бойынша бағаланады. Сонымен қатар үйім ХҚЕС (IFRS) 9 стандартына сәйкес, кейін бас тарту құқығынсыз, пайдада немесе залалда тек дивидендтерден алынған табыс танылған басқа да жиынтық табыс құрамында үлестік құралдар (сатуға арналмаған және ХҚЕС (IFRS) 3 стандартына сәйкес бизнесті біркітіру жөніндегі мәміле шенберінде сатып алушы таныған шартты өтеу болып табылмайтын) құнының кейінгі өзгерістерін ұсынуға шешім қабылдай алады.
- **Қаржы міндеттемелерінің жіктелуі және оларды бағалау.** Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелген қаржы міндеттемелерінің өзіндік кредиттік тәуекелдерінің өзгеруіне байланысты әділ құнының өзгерістері осындау танылу пайдада немесе залалда есептік тәңгерімсіздіктің қалыптасуына немесе артуына әкелмейтін жағдайда басқа да жиынтық табыста танылуы тиіс. Қаржы міндеттемелерінің

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Шоғырландырылған Қаржы Есептілігіне Ескертүлер (Жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)

өзіндік кредиттік тәуекелінің өзгеруіне байланысты әділ құнының өзгеруі пайда мен залал туралы есепте қайта жіктелмеуі тиіс. ХКЕС (IAS) 39 стандартына сәйкес пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелген қаржы міндеттемелері әділ құнының өзгерістері пайда мен залал туралы есепте толықтай танылған.

- Құнсыздану.** Қаржы активтерінің құнсыздануын анықтағанда ХКЕС (IFRS 9) стандарты ХКЕС (IAS) 39 стандартында қарастырылған ұшыраған шығындар моделінің орнына болжалды кредиттік залал моделін қолдануды талап етеді. Күтілетін кредиттік залалдар моделі қаржы активтерін таныған күннен бастап кредиттік тәуекел деңгейіндегі өзгерістерді көрсету үшін болжалды кредиттік залалдарды және олардың өзгерістерін әр есеп беру күні ескеруді қажет етеді. Басқаша айтқанда құнсыздануды тану үшін енді жоғары кредиттік тәуекелді растайтын оқигаларды күтудің қажеті жоқ.
- Тануды тоқтату.** Қаржы активтері мен міндеттемелерін тануды тоқтатуға қойылатын талаптар ХКЕС (IAS) 39 стандартымен салыстырғанда айтарлықтай өзгерген жоқ.

Стандарт мезгілінен бұрын пайдалану мүмкіндігімен 2018 жылғы 1 қаңтарда күшіне енеді. Таңдалған тәсілге қарай көшү бір уақытта немесе стандарттың түрлі талаптары үшін әртүрлі күнде жүзеге асырылуы мүмкін.

Топ басшылығы ХКЕС (IFRS) 9 стандартын болашақта қолдану көрсетілген қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің сомаларына айтарлықтай әсер ете алмайды деп күтеді. Алайда егжей-тегжейлі талдау жүргізуге дейін ХКЕС (IFRS) 9 стандартын қолданудың тигізетін әсерін бағалау мүмкін емес.

ХКЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түскен ақша»

2014 жылғы мамырда сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түскен ақшаны есепке алудың бірыңғай кешенді моделін белгілейтін ХКЕС (IFRS) 15 стандарты шықты. ХКЕС (IFRS) 15 стандарты түскен ақшаны тану жөніндегі барлық қазіргі уақытта қолданылатын стандарттарды, соның ішінде ХКЕС (IAS) 18 «Түскен ақша», ХКЕС (IAS) 11 «Құрылыш шарттары» және тиісті түсіндірмелерді алмастырады.

ХКЕС (IFRS) 15 стандартының негізгі принципі мынаған негізделеді: ұйым тауарлардың немесе қызметтердің орнына (ұйым күтетіндей) алуға құқығы бар тиісті сыйақы сомасына үәде берілген тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға берген сәтте немесе беруіне қарай түскен ақшаны тануы тиіс. Атап айтқанда стандарт сатып алушылармен жасалған барлық шарттарға бес қадамнан тұратын ортақ модельді қолдануды ұсынады.

Модельдің бес қадамы тәмендегілерді қамтиды:

- Сатып алушымен жасалатын шартты сәйкестендіру;
- Шарт бойынша орындаушы міндеттемелерін сәйкестендіру;
- Мәміле бағасын белгілеу;
- Мәміле бағасын орындаушы міндеттемелеріне бөлу;
- Орындаушы міндеттемені орындаған сәтте/орындауына қарай түскен ақшаны тану.

ХКЕС (IFRS) 15 стандартына сәйкес ұйым орындаушының міндеттемелері орындалған кезде/орындалуына қарай, яғни орындаушының міндеттемесіне кіретін тауарларды немесе қызметтерді бақылау сатып алушыға көшкенде түскен ақшаны таниды. Стандарт түскен ақшаны тану сәті, өзгермелі сыйақыны есепке алу, шарттарды жасасуға және орындауға байланысты шығындар, т. с. с. есепке алу мәселелері бойынша анағұрлым нақты нұсқаулар енгізеді. Оған қоса ХКЕС (IFRS) 15 стандарты үлken ақпарат көлемінің ашылуын талап етеді.

Топ басшылығы ХКЕС (IFRS) 15 стандартын болашақта қолдану түскен ақша сомасына және оның танылу мерзіміне айтарлықтай әсер етуі мүмкін деп күтеді. Алайда егжей-тегжейлі талдау жүргізуге дейін ХКЕС (IFRS) 15 стандартын қолданудың тигізетін әсерін бағалау мүмкін емес.

«Марш (Страховые өрекеры)» Жауапкершілігі Шектеул Серіктестігі

**2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Шоғырландырылған Қаржы Есептілігіне Ескертулер (Жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

ХҚЕС (IAS) 7 «Ақпаратты ашу саласындағы бастама» стандартына енгізілген түзетулер

Түзетулер қаржы есептілігін пайдаланушыларға қаржылық қызмет нәтижесінде болған міндеттемелердің өзгерістерін бағалауға көмектесетін ақпаратты ашуды талап етеді.

Түзетулер 2017 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты перспективалық түрде қолданылады, мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

Топ басшылығы осы түзетулерді қолдану Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтеді.

ХҚЕС (IAS) 12 «Жүзеге асырылмаған залалға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін тану» стандартына енгізілген түзетулер

Түзетулер келесі түсіндімелерді қамтиды:

1. Әділ құны бойынша бағаланатын, соған қатысты салық негізі өзіндік құны бойынша анықталатын тиянақталған пайыздық мөлшерлемелі борыштық құралдар бойынша баланстық құнның өзіндік құннан төмендеуі, құралды ұсташының баланстық құнды сату немесе пайдалану арқылы өтеуіне немесе шартта қарастырылған барлық ақша ағындарын құрал эмитентінен алу ықтимал болуына қарамастан, шегерілетін мезгілдік айырманың туындауына әкеледі.
2. Ұйым шегерілетін мезгілдік айырманы есептей алатын салық салынатын пайданың баржоғын бағалағанда, бұл ретте салық заңнамасы шегеруге болатын салық салынатын пайда көздерін шектеген жағдайда (мысалы, күрделі қаржы залалы тек күрделі қаржы пайдасына есептелінеді), ұйым шегерілетін мезгілдік айырманы басқа түрдегі шегерілетін мезгілдік айырмалармен бірге бағалайды.
3. Ұқтимал болашақ салық салынатын пайданы бағалау ұйымның оны алу ықтималдығының жеткілікті дәлелдері болған жағдайда, кейбір ұйым активтерін олардың баланстық құннынан асатын сомасында өтеуді қарастыруы мүмкін.
4. Болашақ кезеңдерде жеткілікті салық салынатын пайда алу перспективасын бағалағанда, ұйым шегерілетін мезгілдік айырмаларды осы шегерілетін мезгілдік айырмаларды қалпына келтіруге негізделген салық шегерімін есепке алмайтын болашақ салық салынатын пайдамен салыстырады.

Түзетулер 2017 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты ретроспективті түрде қолданылады, мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

Топ басшылығы осы түзетулерді қолдану Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтеді.

ХҚЕС (IAS) 16 және ХҚЕС (IAS) 38 «Кейбір амортизация әдістерін қолдану мүмкіндігін түсіндіру» стандартына енгізілген түзетулер

Топ бұл түзетулерді ағымдағы жылда алғаш рет қолданып отыр. ХҚЕС (IAS) 16 стандартына енгізілген түзетулер кәсіпорындарға негізгі құралдарды түскең ақшаға пропорционал амортизациялауына тығым салады. Түзетулер енгізгеннен кейін ХҚЕС (IAS) 38 стандарты түскең ақша материалдық емес активті амортизациялау үшін тиісті негіз болып табылмайтыны туралы теріске шығаруға болатын үйірарым енгізеді. Бұл үйірарымды келесі екі келісілген жағдайда ғана теріске шығаруға болады:

- a. материалдық емес актив түскең ақшаны бағалау ретінде көрсетілгенде; немесе
- ә. түскең ақша мен материалдық емес актив қалыптастыратын экономикалық пайданы қолдану арасындағы тығыз байланысты көрсету мүмкін болғанда.

Қазіргі уақытта Топ негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді амортизациялаудың сыйықтық әдісін қолданады, сондықтан осы түзетулерді қолдану Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне айтарлықтай әсер еткен жоқ.

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Шоғырландырылған Қаржы Есептілігіне Ескертүлер (Жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)

ХҚЕС (IFRS) 14 «Кейінге қалдырылған тарифтік айырмалар шоттары»

ХҚЕС (IFRS) 14 стандарты ХҚЕС-ті бірінші рет қолданатын ұйымдарға ХҚЕС-ке көшкен күні де, одан кейінгі кезеңдерде де кейінге қалдырылған тарифтік айырмалар шоттары бойынша қалдықтарды бұрын қолданылған жалпы қабылданған бухгалтерлік есеп принциптеріне (ЖБЕП) сәйкес көрсетуді жалғастыруына рұқсат береді.

ХҚЕС (IFRS) 14 стандартын қолдану Компанияның шоғырландырылған қаржы есептілігіне əсер еткен жоқ, өйткені Топ ХҚЕС-ті бірінші рет қолданып жатқан ұйым емес.

ХҚЕС-ті жыл сайын жетілдіру, 2014–2016 жылдар аралығы

Осы жыл сайынғы жетілдіру шығарылымы келесі үш стандартқа өзгертулер енгізді:

ХҚЕС (IFRS) 1 стандартына енгізілген түзетулер қаржы құралдары туралы ақпаратты ашуға, жұмыскерлердің сыйақыларына және инвестициялық ұйымдарға қатысты қысқа мерзімді босатуларды осы босатуларды қолдануға болатын есептік кезеңдер өтіп кеткеніне және босатулар енді қолданылмайтынына байланысты жойды. Түзетулер 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қолданылады.

ХҚЕС (IFRS) 12 стандартына енгізілген түзетулер еншілес және қауымдастырылған ұйымдардағы, сонымен қатар сатуға арналған ретінде жіктелетін (немесе жіктелетін шығатын топ құрамына қосылатын) бірлескен кәсіпорындардағы қатысу үlestеріне қатысты жалпылама қаржы ақпаратын жариялау талаптарынан босату ақпаратты ашу бойынша жалпы талаптардан жалғыз босату болып табылатынын түсіндіреді. Түзетулер 2017 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты ретроспективті түрде қолданылады.

ХҚЕС (IAS) 28 стандартына сәйкес венчурлік инвестициямен айналысатын ұйым немесе соған үқсас ұйым өзінің қауымдастырылған ұйымдарына немесе бірлескен кәсіпорындарына жұмысалған инвестицияларды пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялар ретінде есепке алуға шешім қабылдай алады. Бұдан басқа өзі инвестиациялық ұйым болып табылмайтын, бірақ инвестиациялық ұйым болып саналатын қауымдастырылған ұйымда немесе бірлескен кәсіпорында қатысу үлесі бар ұйым үlestік қатысу әдісін қолданған кезде оның қауымдастырылған ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны үlestес ұйымдардағы өздерінің жеке қатысу үlestеріне қолданған әділ құн бойынша бағалауды сақтауға шешім қабылдай алады. ХҚЕС (IAS) 28 стандартына енгізілген түзетулер бұл шешімдер алғаш рет танылған кезде әр қауымдастырылған ұйым немесе бірлескен кәсіпорын үшін жеке қолданылатыны туралы түсіндіреді. Түзетулер 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты ретроспективті түрде қолданылады. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат беріледі.

Басшылық атаптандырылған түзетулерді қолдану Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне айтарлықтай əсер етпейді деп күтеді.

4. БАСҚА ТАБЫСТАР

	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Өтеусіз түсім	65	-
	65	-

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Шоғырландырылған Қаржы Есептілігіне Ескертулер (Жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)

5. Жалпы және әкімшілік шығындар

	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Енбекақы бойынша шығындар	203,406	219,621
Бас компанияның басқару қызметтері үшін төленетін комиссия	45,648	55,629
Кәсіби қызметтер	36,724	7,657
Жал бойынша шығындар	16,892	16,891
Аудиторлық қызметтер	10,861	14,294
Іссапар шығындары	10,739	9,276
Байланысқа кететін шығындар	8,849	8,287
Тозу және амортизация	8,102	8,953
Көлік қызметтері	5,274	5,757
Мұлікті және жауапкершілікті сақтандыру	4,679	4,023
Коммуналдық қызметтер	2,254	2,038
Оқуға және конференцияларға кететін шығындар	1,900	1,342
Поштальқ және курьерлік қызметтер	1,434	2,288
Банк комиссиялары	1,146	1,691
Өтілдік ету шығындары	1,106	857
Салықтар, пайдаға салынатын салықты қоспағанда	289	1,135
<u>Басқасы</u>	<u>11,006</u>	<u>9,131</u>
	370,308	368,870

6. Құнсыздануға арналған резерв

	2016	2015
Жылдың басында	5,733	9,049
Құнсыздануға арналған резервтерді қалпына келтіру	(5,478)	(1,978)
<u>Үмітсіз берешекті есептен шығару</u>	-	(1,338)
Жылдың аяғында	255	5,733

7. Пайдаға салынатын салық

Топ өз қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының салық заңнамасы талаптарына (ХКЕС-тен өзгешеленуі мүмкін) сәйкес орындалатын салық есебі деректерінің негізінде ағымдағы кезеңге салық бойынша есептеулер жасайды.

Шығындардың кейбір түрлері салық салу мақсаттары үшін ескерілмейтіндіктен, сондай-ақ салық салынбайтын табыс бар болғандықтан, Топта үнемі белгілі бір салық айырмасы болып тұрады.

Кейінге қалдырылған салық қаржы есептілігінің мақсаттарында анықталатын активтер мен міндеттемелердің ағымдағы құны және салық салу мақсаттарында анықталатын сома арасындағы мезгілдік айырмалардан болған таза салықтық әсерді көрсетеді. 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша мезгілдік айырмалар негізінен табыс пен шығынды есептеудің түрлі әдістеріне, сондай-ақ кейбір активтердің есептік құнына байланысты.

«Марш (Страховые Фонды)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Шоғырландырылған Қаржы Есептілігіне Ескертүлер (Жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша кейінге қалдырылған
салық активтері төмендегілерді қамтыды:

	2016 жылғы 31 желтоқсан	2015 жылғы 31 желтоқсан
Шегерілетін/(салық салынатын) мезгілдік айырмалар:		
Есептелген шығындар	32,776	32,495
Құнсыздануға арналған резервтер	255	5,733
Болашақ кезендердің табыстары	127	4,707
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	(5,194)	(4,278)
Қолданылмаған салық залалы	-	10,642
Мезгілдік айырма жиынтығы	27,964	49,299
20 % белгіленген мөлшерлеме бойынша кейінге қалдырылған салық активтері	5,593	9,859

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардың салықтарды төлеу
бойынша шығындары мен бухгалтерлік есеп бойынша табысы арасындағы қатынас
төмендегідей болды:

	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Салық салуға дейінгі пайда	498,919	583,317
20 % белгіленген мөлшерлеме бойынша пайдаға салынатын салық	99,784	116,663
Салық салынатын пайданы анықтау үшін салық салу мақсаттарына қолданылмайтын шығындар	7,791	13,400
Пайдаға салынатын салық бойынша шығын	107,575	130,063

	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Ағымдағы пайдаға салынатын салық бойынша шығын	103,309	130,171
Пайдаға салынатын кейінге қалдырылған салық бойынша шығын/(үнем)	4,266	(108)
Пайдаға салынатын салық бойынша шығын	107,575	130,063

Кейінге қалдырылған салық активтерінің қозғалысы:

	2016 жыл	2015 жыл
Жыл басындағы таза кейінге қалдырылған салық активтері	9,859	9,751
Пайдаға салынатын кейінге қалдырылған салық бойынша (шығын)/үнем	(4,266)	108
Жыл аяғындағы таза кейінге қалдырылған салық активтері	5,593	9,859

8. Ақшалай қаражат пен оның баламалары

	2016 жылғы 31 желтоқсан	2015 жылғы 31 желтоқсан
Банктегі ағымдағы шоттардағы ақша (теңге)	967,083	434,683
Банктегі ағымдағы шоттардағы ақша (шетел валютасы)	3,889	14,583
	970,972	449,266

9. Дебиторлық берешек

	2016 жылғы 31 желтоқсан	2015 жылғы 31 желтоқсан
Дебиторлық берешек	86,905	222,463
Құнсызданудан болған залалға арналған резервтерді шегергенде	(255)	(5,733)
	86,650	216,730

«Марш (Страховые Брокеры)»

Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Шоғырландырылған Қаржы Есептілігіне Ескертүлер (Жалғасы)
 (басқасы көрсетілмесе, мын Қазақстандық теңгемен)

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардағы дебиторлық берешектер бойынша құнсыздандыруға арналған резерв қозғалысы 6-ескертуде берілген.

10. Басқа салық активтері

	2016 жылғы 31 желтоқсан	2015 жылғы 31 желтоқсан
Өтелетін қосымша құн салығы	2,608	2,566
Басқа салықтар бойынша алдын ала төлеу	5	119
	2,613	2,685

11. Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер

	Компьютерлік жабдық	Автокөлік	Жиһаз және басқалары	Материалдық емес активтер	Барлығы
Бастапқы құны бойынша					
2014 жылғы 31 желтоқсан	24,498	21,488	7,684	1,632	55,302
Сатып алу	6,180	15,500	1,115	-	22,795
Істен шығу	(7,178)	-	(577)	(116)	(7,871)
2015 жылғы 31 желтоқсан	23,500	36,988	8,222	1,516	70,226
Сатып алу	-	-	3,771	2,202	5,973
Істен шығу	(1,222)	(14,885)	(968)	(1,163)	(18,238)
2016 жылғы 31 желтоқсан	22,278	22,103	11,025	2,555	57,961
Жинақталған тозу мен амортизация					
2014 жылғы 31 желтоқсан	17,992	15,649	1,918	1,626	37,185
Бір жылға есептелгені	4,940	3,107	905	1	8,953
Істен шыққан кездегі есептен шығару	(7,178)	-	(577)	(116)	(7,871)
2015 жылғы 31 желтоқсан	15,754	18,756	2,246	1,511	38,267
Бір жылға есептелгені	4,382	2,569	1,129	22	8,102
Істен шығу бойынша амортизация	(1,222)	(11,908)	(968)	(1,163)	(15,261)
2016 жылғы 31 желтоқсан	18,914	9,417	2,407	370	31,108
Таза баланстық құн					
2016 жылғы 31 желтоқсан	3,369	12,686	8,618	2,185	26,853
2015 жылғы 31 желтоқсан	7,746	18,232	5,976	5	31,959

12. Болашақ кезеңдердің табыстары

	2016 жылғы 31 желтоқсан	2015 жылғы 31 желтоқсан
Ақтогайдығы «Алсим Аларко Санайи Тесислери ве Тиджарет»	99	971
Флюор Қазақстан Инк.	28	176
«Қарағанды БИ Энерджи Плюс» ЖШС	-	1,988
«Алсим Аларко Санайи»	-	1,250
«Хьюлетт Паккард» ЖШС	-	229
Қазақстан Республикасындағы Medtronic BV екілдігі	-	93
	127	4,707

«Марш (Страховые брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Шоғырландырылған Қаржы Есептілігіне Ескертүлер (Жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мын Қазақстандық тәнгемен)

Болашақ кезеңдердің табыстары сақтандыру шарттары бойынша брокерлік қызметтер үшін
сақтандыру компанияларынан алынған өтеу мерзімі бір жылдан артық аванстар болып
табылады.

13. Кредиторлық берешек

	2016 жылғы 31 желтоқсан	2015 жылғы 31 желтоқсан
Marsh Ұлыбритания	27,856	2,934
IC Solution	1,355	-
Marsh Corporate Services	840	955
Marsh Ресей	558	866
Kameleon	349	-
Smar Net	222	-
LLP Teleks	-	71
	31,180	4,856

14. Басқа міндеттемелер

	2016 жылғы 31 желтоқсан	2015 жылғы 31 желтоқсан
Басқа қаржы міндеттемелері:		
Есептелген бонус	15,505	16,276
Аудит қызметтері бойынша берешек	11,171	-
Салық кеңесшілерінің қызметтері бойынша берешек	3,834	2,690
Демалыстар бойынша резерв	2,265	1,639
Қызметкерлер алдындағы берешек	43	-
Байланыс қызметтері бойынша берешек	-	410
	32,818	21,015
Басқа қаржы міндеттемелерінің жиынтығы		
Басқа қаржылық емес міндеттемелер:		
Салықтар, пайдаға салынатын салықты қоспағанда	-	1,070
Басқа қаржылық емес міндеттемелердің жиынтығы	-	1,070
	32,818	22,085

15. Жарғылық капитал

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Топтың жарғылық капиталы бекітіліп, 10,000 мын тенге төленді. Топтың жалғыз меншік иесі — Нидерландта тіркелген «Марш энд МакЛеннан Компанииз Сервисез Б.В.» компаниясы.

2015 жылдың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Топ 300,000 мын тенге көлеміндегі дивидендерді жариялады және төледі.

16. Шартты қаржы міндеттемелері

Күрделі қаржы шығындары бойынша міндеттемелер

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Топтың күрделі қаржы шығындары бойынша елеулі міндеттемелері болған жоқ.

Операциялық жалгерлік шарттар бойынша міндеттемелер

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Топтың бұзылмайтын операциялық жалгерлік келісімдер бойынша елеулі міндеттемелері болған жоқ.

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

**2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Шоғырландырылған Қаржы Есептілігіне Ескертулер (Жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мын Қазақстандық теңгемен)**

Сот құынымдары

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар ішінде Топқа құыным берілген жоқ. Басшылық Топқа елеулі залал келмейді деп есептейді, сондықтан шоғырландырылған қаржы есептілігінде резервтер қарастырылмаған.

Салық заңнамасы

Қазақстан Республикасының коммерциялық, атап айтқанда салық заңнамасында бірнеше түсіндірмесі болуы мүмкін ережелердің болуына байланысты. Сонымен қатар салық органдарының компания қызметінің мәселелері бойынша еркін пайымдау жасау тәжірибесіне байланысты қауіп бар. Салық органдары Басшылық тарапынан Топтың қызметіне қатысты заңнаманы түсінуге негізделген қандай да бір нақты іс-әрекетті даулаған жағдайда, оның нәтижесі қосымша салық, айыппұл және өсімпұл төлемдеріне әкелуі мүмкін.

Топ Басшылығы барлық қажетті салықтық төлемдер жасалғанына сенімді, сондықтан шоғырландырылған қаржы есептілігінде резервтер қарастырылмаған.

Салық органдарының салық кезеңі жабылғаннан кейін бес жыл ішінде салық төлемдерінің дұрыстығын тексеруге құқығы бар.

Операциялық орта

Қазақстан Республикасы сияқты дамушы елдердің нарықтары дамыған нарықтардан өзгешеленетін экономикалық, саяси, әлеуметтік, сottық және заңнамалық тәуекелдерге ұшырауы мүмкін. Қазақстан Республикасында бизнес жүргізуді реттеуши зандар мен нормативтік актілер тез өзгерілігі мүмкін, оларды еркін түсіндіру мүмкіндігі бар. Қазақстан Республикасының болашақ даму бағыты негізінен мемлекеттің салықтық және ақшалай-кредиттік саясатына, қабылданатын зандар мен нормативтік актілерге, сондай-ақ елдегі саяси жағдайдың өзгерістеріне байланысты.

Қазақстан Республикасы мұнай және газды үлкен көлемде өндіруші және экспорттаушы ел болғандықтан, әлемдік нарықтағы мұнай мен газ бағасының өзгерістері Қазақстан Республикасының экономикасына айрықша әсерін тигізеді. 2014–2015 жылдары, сондай-ақ 2016 жылдың бірінші тоқсанында энергия ресурстарының бағасы едәуір төмендеді, бұл экспорттан түсетін ұлттық табыстың едәуір азаюына әкеліп соқты. 2015 жылғы 20 тамызда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкі тенденција еркін құбылмалы бағамына негізделген жаңа ақшалай-кредиттік саясатқа ауысатыны туралы жариялады және валюталық дәліз күшін жойды. 2015 жылдың бірінші тоқсанында теңге басқа негізгі валюталарға қатысты елеулі құнсызданды.

Топ Басшылығы ағымдағы жағдайдың өзгерістерін бақылап отырады және жақын болашакта Топ бизнесінің тұрақтылығын сақтау және оны дамыту үшін дәл қазіргі жағдайларда қажет деп санайтын шараларды қолданады. Алайда Басшылық бағаның әрі қарай өзгеруін және оның Топтың қаржы жағдайына тигізу мүмкін әсерін дәл бағалай алмайды.

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Шоғырландырылған Қаржы Есептілігіне Ескертүлер (Жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)

17. Байланысты тараптармен жасалатын операциялар

Байланысты тараптар немесе байланысты тараптармен жасалатын операциялар ХКЕС (IAS) 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету» стандартында берілген анықтамаға сәйкес мыналарды қамтиды:

Директорлар мен негізгі басшылықтың басқа мүшелеріне сыйақы беру жолы тәмендегідей:

	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл		2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	
	Байланысты тараптармен жасалатын операциялар	Қаржы есептілігі баптарына сәйкес санат бойынша жиынтығы	Байланысты тараптармен жасалатын операциялар	Қаржы есептілігі баптарына сәйкес санат бойынша жиынтығы
Негізгі басқарушы персоналға сыйақы беру:	51,775	203,406	62,065	219,621
- қызметкерлердің еңбекақысы және басқа да қысқа мерзімді сыйақылары	57,775		62,065	

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша байланысты тараптармен жасалатын Топ операциялары бойынша қалдықтар тәменде берілген:

	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл		2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	
	Байланысты тараптармен жасалатын операциялар	Қаржы есептілігі баптарына сәйкес санат бойынша жиынтығы	Байланысты тараптармен жасалатын операциялар	Қаржы есептілігі баптарына сәйкес санат бойынша жиынтығы
Дебиторлық берешек	65,811	86,650	170,048	216,730
- жалпы бақылаудағы компаниялар	65,811		170,048	
Кредиторлық берешек	29,254	31,180	4,755	4,845
- жалпы бақылаудағы компаниялар	29,254		4,755	

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардың пайда мен залал және басқа да жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есебінде байланысты тараптармен жасалатын операциялар бойынша туындаған келесі сомалар көрсетілді:

	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл		2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	
	Байланысты тараптармен жасалатын операциялар	Қаржы есептілігі баптарына сәйкес санат бойынша жиынтығы	Байланысты тараптармен жасалатын операциялар	Қаржы есептілігі баптарына сәйкес санат бойынша жиынтығы
Брокерлік қызметтер бойынша комиссиялық табыстар	691,442	854,770	475,431	666,228
- жалпы бақылаудағы компаниялар	691,442		475,431	
Басқа табыстар	65	65	-	-
- жалпы бақылаудағы компаниялар	65		-	
Еңбекақы бойынша шығындарды шегергендердегі жалпы және әкімшілік шығындар	46,678	166,902	60,100	149,245
- бас компания	45,648		55,629	
- жалпы бақылаудағы компаниялар	1,030		4,471	

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

**2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Шоғырландырылған Қаржы Есептілігіне Ескертулер (Жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)**

18. Қаржы құралдарының әділ құны

Әділ құны активті сатудан алынуы тиіс болған немесе бағалау күні нарықта қатысушылар арасындағы кәдімгі мәміле шенберінде міндеттемелерді табыстау кезінде төленуі тиіс болған бағаны ескеріп анықталады. Басшылық қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны осы активтер мен міндеттемелердің қысқа мерзімділігіне байланысты шамамен олардың баланстық құнына сәйкес келеді деп санайды. Топтың әділ құны бойынша қандай да бір қаржы активі мен міндеттемесі жок, сондықтан әділ құны иерархиясы берілмеген.

19. Капиталды басқару

Топ қарыз ақша мен капитал қатынасын оңтайландыру арқылы қатысушылардың пайдасын барынша арттыра отырып, жақын болашақта қызметін жалғастыру үшін капиталды басқарады.

Топ капиталының құрылымы төленген жарғы капиталы мен бөлінбеген пайда кіретін қатысушы капиталынан тұрады және ол қатысушы капиталындағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте ашып көрсетіледі.

Капитал құрылымын Топ Басшылығы жарты жылда бір рет қарайды. Осындай қарau кезінде Басшылық, әсіресе, капитал құнын және әр капитал класына байланысты тәуекелдерді талдайды. Басшылықтың ұсыныстары негізінде Топ бөлінген пайданы төлеу, жарғылық капиталды көбейту, қосымша қарыз ақша тарту немесе қолданыстағы кредиттерді өтеу арқылы капитал құрылымын түзетеді.

Топтың капиталды басқаруға байланысты тәуекелдерге қатысты жалпы саясаты 2015 жылмен салыстырғанда 2016 жылы өзгерген жоқ.

20. Тәуекелдерді басқару саясаты

Тәуекелдерді басқару Топ қызметінде маңызды рөл атқарады. Топтың қызметіне тән негізгі тәуекелдерге мыналар жатады:

- Операциялық тәуекел;
- Кредиттік тәуекел;
- Өтімділік тәуекелі; және
- Нарықтық тәуекел.

Әрекетті және тиімді тәуекелдерді басқару саясатын қамтамасыз ету үшін Топ негізгі мақсаты Топты бар тәуекелдерден қорғап, жоспарланған көрсеткіштерге жетуге мүмкіндік беру болып табылатын тәуекелдерді басқарудың негізгі принциптерін белгіледі. Берілген принциптерді Топ келесі тәуекелдерді басқарғанда пайдаланады:

Операциялық тәуекел

Топ жүйенің тиімсіздігі немесе ішкі процестердің, жүйелердің бұзылуы, адам факторының болуы немесе қандай да бір сыртқы жағымсыз фактордың әсері салдарынан залал шегу арқылы операциялық тәуекелге ұшырауы мүмкін.

Топтың тәуекелдерді басқару саясаты тиісті шектеулер мен бақылауды белгілеу үшін осы тәуекелді айқындау және талдау ескерілетіндей әзірленген.

Кредиттік тәуекел

Топ кредиттік тәуекелге ұшырайды, яғни қаржы құралы бойынша бір тараптың өз міндеттемелерін орындау тәуекеліне ұшырайды, соның салдарынан екінші тараптың қаржылай залал шегүіне әкеледі.

«Марш (Страховые Брокеры)»

Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
 Шоғырландырылған Қаржы Есептілігіне Ескертүлер (Жалғасы)
 (басқасы көрсетілмесе, мын Қазақстандық теңгемен)

Кредиттік тәуекелдің ең жоғары мөлшері

Топтың кредиттік тәуекелінің ең жоғары мөлшері белгілі активтерге және жалпы нарықтық тәуекелдерге тән жеке тәуекелдерге байланысты айтарлықтай өзгеруі мүмкін.

Қаржы активтері мен шартты міндеттемелер бойынша ең жоғары кредиттік тәуекел төмендегі кестеде берілген. Баланстық шоттарда көрсетілген қаржы активтері үшін кредиттік тәуекелдің ең жоғары мөлшері активтер мен міндеттемелерді есепке алуды және қамтамасыз етуді есептегендеге осы активтердің баланстық құнына тең. Төмендегі кестеде көрсетілгеннен басқа жағдайларда, есепке алуды және қамтамасыз етуді есепке алғаннан кейінгі қаржы активтері бойынша кредиттік тәуекелдің ең жоғары мөлшері шамамен кредиттік тәуекелдің таза мөлшеріне тең.

	Кредиттік тәуекелдің ең жоғары мөлшері	Есепке алу сомасы	тәуекелдің таза мөлшері	Есепке алудан кейінгі кредиттік тәуекелдің таза мөлшері	Қамтамасыз ету таза мөлшері	2016 жылғы 31 желтоқсан Есепке алғаннан және қамтамасыз етуді есептегеннен кейінгі кредиттік тәуекелдің таза мөлшері
Ақшалай қаражат және оның баламалары	970,972	-	970,972	-	970,972	
Дебиторлық берешек	86,650	-	86,650	-	86,650	
	Кредиттік тәуекелдің ең жоғары мөлшері	Есепке алу сомасы	тәуекелдің таза мөлшері	Есепке алудан кейінгі кредиттік тәуекелдің таза мөлшері	Қамтамасыз ету таза мөлшері	2015 жылғы 31 желтоқсан Есепке алғаннан және қамтамасыз етуді есептегеннен кейінгі кредиттік тәуекелдің таза мөлшері
Ақшалай қаражат және оның баламалары	449,266	-	449,266	-	449,266	
Дебиторлық берешек	216,730	-	216,730	-	216,730	

Әрі қарай мойындалған халықаралық рейтинглік агенттікіт немесе ішкі рейтингіні пайдаланып бағаланған 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша кредиттік рейтінгілерге сай Топтың қаржы активтерінің жіктелуі берілген:

	Кредиттік рейтинг	2016 жылғы 31 желтоқсан берілмеген	Жиынтығы
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	970,972	-	970,972
Дебиторлық берешек	86,650	-	86,650
	Кредиттік рейтинг	2015 жылғы 31 желтоқсан берілмеген	Жиынтығы
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	449,266	-	449,266
Дебиторлық берешек	215,928	802	216,730

Топтың қызмет аясы жалпы алғанда қаржы құралдарына қатысты туындайтын кредиттік тәуекелге бейім. Топтың кредиттік тәуекелі Қазақстан Республикасында шоғырланған.

«Марш (Страховые Брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Шоғырландырылған Қаржы Есептілігіне Ескертүлер (Жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мын Қазақстандық тенгемен)

Келесі кестеде құнсызданған активтердің, сондай-ақ мерзімі өткен берешектің туындау үақыты бойынша құнсыздану залалына дейін жіктелетін құнсызданбаған активтердің баланстық құны берілген:

Қаржы активтері, мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған						2016 жылғы 31 желтоқсан		
Ағымдағы		Құнсыз-данбаған		3 айға дейін		6 ай – 1 жылдан астам	Құнсыздану	Жынтығы
Ақшалай								
қаражат								
пен оның								
баламалары	970,972	-	-	-	-	-	-	970,972
Дебиторлық								
берешек	86,650	-	-	-	-	255	(255)	86,650
Қаржы активтері, мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған						2015 жылғы 31 желтоқсан		
Ағымдағы		Құнсыз-данбаған		3 айға дейін		6 ай – 1 жылдан астам	Құнсыздану	Жынтығы
Ақшалай								
қаражат								
пен оның								
баламалары	449,266	-	-	-	-	-	-	449,266
Дебиторлық								
берешек	214,298	-	-	-	-	8,165	(5,733)	216,730

Географиялық шоғырландыру

Топ заңнама нормаларындағы өзгерістерге байланысты тәуекелге бақылау жүргізеді және оның Топ қызметіне әсерін бағалайды. Бұл тәсіл Топқа Қазақстан Республикасындағы инвестициялық климаттың өзгеруінен болуы мүмкін залалды барынша азайтуға мүмкіндік береді.

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Топтың қаржы активтері мен міндеттемелері негізінен Қазақстан Республикасында шоғырланған.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі — нақты төлеу мерзімі келгенде қаржы құралдарына байланысты міндеттемелерді өтеу үшін қаражат алу кезінде қыындықтар туындау тәуекелі.

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Топтың пайыз есептелетін активтері мен міндеттемелері болған жоқ.

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Топтың өтімділік тәуекелінің туындауына әкелуі мүмкін елеулі қаржы міндеттемелері болған жоқ.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекелге пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі, валюталық тәуекел және Топ үшyрауы мүмкін басқа да баға тәуекелдері кіреді. 2015 жылмен салыстырғанда 2016 жылы Топта осы тәуекелдердің құрамы мен оларды бағалау және басқару әдістерінде өзгерістер болған жоқ.

Топ қаражат тартпайтындықтан және пайыз есептелетін кредиттері болмағандықтан, пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекеліне үшyрамайды.

«Тарынш (Страховые брокеры)» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Шоғырландырылған Қаржы Есептілігіне Ескертүлер (Жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)

Топ Басшылығы Топ пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі бойынша елеулі тәуекелге және ақша ағындарына қатысты тиісті тәуекелге ұшырамайды деп есептейді. Басшылық Топтың қаржы қызметінің ағымдағы нәтижелерін бақылайды, пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне қатысты Топтың осалдығын және оның Топ пайдасына әсерін бағалайды.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел валюталардың айырбас бағамының өзгеруіне байланысты қаржы құралы құнының өзгеру тәуекелін білдіреді. Топтың қаржы жағдайы және ақша ағындары шетел валюталарының айырбас бағамының құбылуы әсеріне ұшырауға бейім.

Топ валюталық тәуекелді айырбас бағамының құбылуына және басқа да макроэкономикалық индикаторларға жүйелі түрде мониторинг жүргізу арқылы ашық валюталық позицияны қадағалау жолымен басқарады.

Топтың валюталық тәуекелінің деңгейі туралы ақпарат төменде берілген:

2016 жылғы 31 желтоқсан	АҚШ		Фунт		Барлығы
	доллары	1 АҚШ	Евро	стерлинг	
	доллары =	1 Евро =	1 Фунт =	31 желтоқсан	
Тенге 333,29 тенге	348,83 тенге	410,41 тенге	-	-	
ҚАРЖЫ АКТИВТЕРИ:					
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	967,083	3,889	-	-	970,972
Дебиторлық берешек	19,847	55,350	10,367	1,086	86,650
ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІНІҢ ЖИЫНТЫҒЫ					
	986,930	59,239	10,367	1,086	1,057,622
ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРИ:					
Кредиторлық берешек	1,820	558	946	27,856	31,180
Басқа қаржы міндеттемелері	32,818	-	-	-	32,818
ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІНІҢ ЖИЫНТЫҒЫ					
	34,638	558	946	27,856	63,998
АШЫҚ БАЛАНСТЫҚ ПОЗИЦИЯ					
	952,292	58,681	9,421	(26,770)	993,624

31 желтоқсан	АҚШ		Фунт		Барлығы
	доллары	1 АҚШ	Евро	стерлинг	
	доллары =	1 Евро =	1 Фунт =	31 желтоқсан	
Тенге 340,01 тенге	371,46 тенге	504,06 тенге	-	-	
ҚАРЖЫ АКТИВТЕРИ:					
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	434,683	14,583	-	-	449,266
Дебиторлық берешек	46,644	168,900	965	221	216,730
ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІНІҢ ЖИЫНТЫҒЫ					
	481,327	183,483	965	221	655,996
ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРИ:					
Кредиторлық берешек	91	866	2,934	954	4,845
Басқа қаржы міндеттемелері	21,015	-	-	-	21,015
ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІНІҢ ЖИЫНТЫҒЫ					
	21,106	866	2,934	954	25,860
АШЫҚ БАЛАНСТЫҚ ПОЗИЦИЯ					
	460,221	182,617	(1,969)	(733)	640,136

Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Шоғырландырылған Қаржы Есептілігіне Ескертулер (Жалғасы)
(басқасы көрсетілмесе, мың Қазақстандық теңгемен)

Валюталық тәуекелге сезімталдықты талдау

Төмендегі кестеде АҚШ доллары мен еуро бағамының теңгеге қатысты көтерілуі мен түсүіне Топ сезімталдығының талдауы берілген. Берілген сезімталдық деңгейі Топтың негізгі басқарушы персоналды үшін валюталық тәуекелдер туралы есептер жасағанда Топ ішінде қолданылады және Топ басшылығының валюта бағамдарының ықтимал өзгерістерін бағалауды болып табылады. Сезімталдықты талдауда айырбастағанда 2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанында тиісінше +20 %/-20 %-ға және +50 %/-50 %-ға өзертілген бағамдар қолданылатын кезең соында болған шетел валютасындағы сомалар ғана қамтылған. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің теңгениң еркін құбылмалы бағамына негізделген жаңа ақшалай-кредиттік саясатына байланысты 2015 жылы 50 % қолданылды.

	2016 жылғы 31 желтоқсан		2015 жылғы 31 желтоқсан	
	теңге/ АҚШ доллары +50 %	теңге/ АҚШ доллары -50 %	теңге/ АҚШ доллары +20 %	теңге/ АҚШ доллары -20 %
Пайдаға не залалға және қатысушы капиталына әсері	11,736	(11,736)	91,309	(91,309)
2016 жылғы 31 желтоқсан				
	теңге/ евро +50 %	теңге/ евро -50 %	теңге/ евро +20 %	теңге/ евро -20 %
Пайдаға не залалға және қатысушы капиталына әсері	1,884	(1,884)	(985)	985

Сезімталдықты талдауды шектеу

Жоғарыдағы кестеде негізгі үйірлемеде өзгеру әсері көрсетілген, ал басқа үйірлемедар өзгеріссіз қалады. Шындығында үйірлемедар мен басқа факторлар арасында байланыс бар. Сонымен қатар сезімталдық сипаты сыйықтық емес, сондықтан алынған нәтижелердің интерполяциясы немесе экстраполяциясы жүргізілмеуі тиіс.

Сезімталдықты талдау Топтың активтер мен пассивтерді белсенді басқаратынын есепке алмайды. Оған қоса Топтың қаржы жағдайы нарықта болып жатқан өзгерістерге байланысты өзертіліуі мүмкін. Мысалы, Топтың қаржы тәуекелдерін басқару саласындағы стратегиясы нарықтағы ауытқу тәуекелін басқаруға бағытталған.

Баға тәуекелі

Топ үlestік құнды қағаздарға салынған қаржыға қатысты баға тәуекеліне ұшырамайды, себебі ол осы құралдармен сауда операцияларын жүргізбейді.